

**Қазақстан Республикасы Президентінің "Байқоңыр" ғарыш айлағы мен Ленинск қаласындағы арнаулы өкілін қаржымен және материалдық-техникалық қамтамасыз ету туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 2 наурыздағы N 210. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.02.13. N 99 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Байқоңыр" ғарыш айлағы мен Ленинск қаласындағы арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 ақпандағы N 2045 өкімін орындау үшін Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің "Байқоңыр" ғарыш айлағы мен Ленинск қаласындағы арнаулы өкілі аппаратының шекті саны 6 (алты) адам және 1 (бір) қызметтік жеңіл автомобиль лимиті болып белгіленсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің "Байқоңыр" ғарыш айлағы мен Ленинск қаласындағы арнаулы өкілінің лауазымдық жалақысы Ленинск қаласы әкімінің лауазымдық жалақысына, ал оның аппаратындағы басқа қызметкерлердің жалақысы Ленинск қаласы әкімшілігінің тиісті қызметкерлерінің жалақысына теңестірілсін.

3. Қазақстан Республикасы Президентінің "Байқоңыр" ғарыш айлағы мен Ленинск қаласындағы арнаулы өкілі аппаратын қаржыландыру республикалық бюджеттен Қазақстан Республикасының Ұлттық аэроғарыш агенттігі арқылы жүзеге асырылатын болсын. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі осы мақсаттарға қажетті қаражатты қарастырсын.

4. Министрлер Кабинетінің Іс Басқармасы Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Шаруашылық Басқармасымен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Президентінің "Байқоңыр" ғарыш айлағы мен Ленинск қаласындағы арнаулы өкіліне ұйымдастыру ісінің техникасы мен қызметтік автомобиль сатып алуына көмек көрсететін болсын.

5. Ленинск қаласының әкімі Қазақстан Республикасы Президентінің "Байқоңыр" ғарыш айлағы мен Ленинск қаласындағы арнаулы өкілінің қызметін, оның аппаратын орналастыру, заңды ұйым құру, байланыс құралдарын бөлу және сервистік қызмет көрсету жағынан қамтамасыз ететін болсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК